



АЛАТАУ арайы

Газет тарихы 1918 жылдың маусым айынан басталады



Alatau_araiy@mail.ru
www.alatauaraiky.kz



АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ



№100 (405) // 16 қыркүйек // сейсенбі // 2025 жыл

ӨРЛЕУ

ІСКЕРЛІК ОРТАЛЫҚТЫҢ ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНДЫ



Суретті түсірген – Аслан ҚАЖЕКЕ

Alatau City-де «K-Park» мәдени-іскерлік орталығының іргетасы қаланды. Келешекте екі халықтың ынтымақтастығының нышанына айналдыруды көздейтін нысанның салтанатты іргетасын қалау рәсмінде алғашқы сөз кезегін алған Қазақстан көрістері қауымдастығының төрағасы Юрий Цхай іске асқалы тұрған жобаның мақсаты зобалаң жылдары Қазақстанға күштеп қоныстандырылған көрістерге көмегін көрсетіп, паналатқан қазақ халқына деген шынайы алғыс білдіру ниетінен туындап отырғанын айтты.

● Айжарық КӨПТІЛЕУОВ —

Жиналған қауымға құттықтауын жеткізген облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев нысанның тұрғындар мен қонақтар үшін тартымды орынға айналып, қоғамдағы үйлесім мен өзара құрметті нығайтатынын атап өтті.

– Бүгін біз жаңа Alatau City-де Қазақстандағы корейлер қауымдастығының 35 жылдығына арналған маңызды іс-шара аясында ерекше сәттің куәсі болып отырмыз. Бұл – жай ғана құрылыс емес, бұл өзара сенім мен достықтың, мәдени әріптестіктің нақты көрінісі және Alatau City-дің дамуына серпін беретін маңызды қадам. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында Alatau City еліміздің жаңа іскерлік және инновациялық орталығына айналатынын атап өтті. Осы бағыттағы алғашқы нақты қадамдардың бірі «K-Park» жобасы бизнесті дамыту мен шығармашылық бастамаларға қолайлы жағдай жасайтын заманауи мәдени-іскерлік орталық болады. Жоба Alatau City-ді халықаралық деңгейге көтеріп, Орталық Азияның маңызды мәдени және іскерлік хабына айналдыра алады. Сонымен қатар

инвестиция тарту бойынша жұмыстар белсенді жүргізілуде. Бүгінгі таңда 6,8 мың гектарды қамтитын 12 «өсу нүктесі» анықталды. Бұдан басқа іске асыру сатысында 18 жоба бар. Бұл жобалар өңірдің экономикалық әлеуетін нығайтып қана қоймай, инфрақұрылымды дамытудың, жаңа жұмыс орындарын құрудың және елдің жаңа экономикалық драйвері ретінде Alatau City-дің инвестициялық факторына айналады, – деген облыс басшысы меценаттарға, Қазақстан көрістері қауымдастығына, мемлекеттік органдар мен серіктестерге осы маңызды жобаны іске асырудағы қолдауы мен бірлескен еңбегі үшін алғыс білдірді.

Ауқымды жобаның маңызына тоқталған Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Марат Әзілханов мәдениеттер және ұрпақтардың бірлігін бейнелейтін іргетас қаланып жатқанын, бұл кешеннің тарихи тамыр мен өзара құрметтің нышаны екенін баса айтты. Сонымен бірге «K-Park»-тің көркейіп, гүлденуіне ҚХА-ның да атсалысатынын тілге тиек етті.

Келесі кезекте сөз алған Оңтүстік Корея Республикасының Алматы

қаласындағы Бас консулы Ха Тэ Ук кезінде ата-бабасы Қазақстанға еріксіз қоныс аударылған көрістердің бүгінгі ұрпақтарының барлық салада қызмет атқарып, елдің өркендеуіне зор үлес қосып жатқанына тоқталды. Сонымен бірге олардың тамырынан ажырап қалмауы жолында елімізде атқарылып жатқан жұмыстар үшін алғысын жеткізді.

Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ерболат Тұрымбетов Alatau City-де қолға алынған бұл ірі жобаның Мемлекет басшысының Жолдауымен ұштасып жатқанын тілге тиек етті.

Жаңа шаһардың білім, денсаулық сақтау, мәдениет орталығы болатын «Golden District» ауданының аумағы 10 гектарды құрайды. Ол – көрістердің Қазақстанға қоныс аударғанына 90 жыл толуына орай қолға алынған ірі жоба. Пайдалануға берілген кезде мұнда қазақ халқына алғыс монументі, 5 мың орынды амфитеатр, «Өмір ағашы» нысаны, кітапхана, интерактивті мұражай, этномәдени бірегей және тарихи қайта құру аймақтары, визит-орталық, мәжіліс залы, Қазақстан көрістері ассоциациясының кеңсесі орналасатын болады. Мамандардың болжамынша, нысан жылына 3,5 миллионға дейін келушіні қабылдай алады. Инфрақұрылымында автотұрақ, фудкорттар, электромобильдерге арналған қуаттау бекеттері мен намаз оқитын орындар қарастырылады. Ал архитектуралық шешімдердің дәстүрге сай болуын Оңтүстік Кореядан келген зерттеу тобы қадағалайды. «K-Park» мәдени-іскерлік орталығының ашылуы 2027 жылдың күзіне жоспарланып отыр.

Алатау қаласы

ЖАҢА ЖОЛДАУ – ЖАҢА БАҒЫТ

Уақытпен үндес

Ел Президентінің биылғы Жолдауы жаңашылдыққа бет бұруға бағыт сілтеді. Бүгінде жасанды интеллектінің дәуірі басталғаны жасырын емес. Осыны негізге алатын жеке министрлік құру туралы шешім дұрыс болды.

Жасанды интеллектіні білім саласына, мектеп бағдарламасына енгізу де уақыт күттірмейтін іс. Жас ұрпақ жасанды интеллектіні меңгеретін болса, көптеген игілікке қол жеткізе алады. Осы орайда ұстаздарға жаңа міндет жүктелуде. Олар да жасанды интеллект технологиясын меңгеру дағдысын қалыптастыруы керек. Мұнымен қатар жасанды интеллектіні кеңінен қолданатын университеттерге дербестік берілмек. Ал Үкімет дарынды зерттеушілерді қолдау үшін қосымша шаралар қабылдауға тиіс.

Бұрыннан айтылып келе жатқан екі палаталы Парламентті бір палатаға көшіру де дер уақытында көтерілген мәселе. Оны бір жылға дейін халықтың талқылауына шығарып отыр. Референдум өткізіліп, бұл шешімді халық қолдайтын болса, онда Сенат қысқарады. Ол – дүниежүзіне кеңінен таралған тәсіл. Көптеген мемлекетте бір палаталы Парламент жұмыс істеуде.

Жолдауда ауыл шаруашылығы бойынша өндіріс, қайта өңдеу орындарын тездетіп ашу керектігі де айтылды. Ауылға керегі де осы. Тері, жүн өңдейтін орындар, сүт зауыттарын ашу, мал бордақлайтын аландарды салып беруге Үкімет көмектессе, шаруаға ол да тиімді болар еді.

Қазір көп жерде газ текке жанып жатыр. Сол жанып жатқан газдың энергиясын игілігімізге пайдалану туралы да Президент тапсырма берді. Жастардың тәрбиесі, діни экстремизм, деструктивті ағымдармен күрес мәселесін де жеткізді. Осы салада тәрбие жұмысын күшейтуді тапсырды. Міне, Жолдауда айтылған осы мәселелер көпшілік көңілінен шықты, еліміздің ары қарайғы дамуына айқын бағыт сілтеді деп білемін.

**Көпжасар НҰРЛЫБАЙ,
Райымбек ауданының Құрметті азаматы,
ҚР Білім беру ісінің үздігі**

ІССАПАР



Суретті түсірген – Дина ДӘУІТБЕКОВА

ТУРИСТІК ӨЛКЕ ТӨРІНДЕ

Облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев жұмыс сапарымен Кеген ауданына барды. Мұндағы бірқатар маңызды нысандарды аралап, өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелеріне назар аударды. Алғашқы кезекте Кеген ауылында жаңадан салынған Кеген орман шаруашылығы ғимаратының ашылу салтанатына қатысты. Бұл орман қызметкерлері үшін үлкен қуаныш, себебі, бұл күнді олар көптен күтті.

● Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ —

Кеген орман шаруашылығы мекемесінің тарихы тереңде жатыр. 1946 жылдан бері ұжым орманды қорғау, сақтау және көбейту жолында үздіксіз еңбек етіп келеді. Аталған мекеме нелігіндегі жалпы аумақ 89 940 гектар болса, оның таза орманды алабы 27 038 гектарды құрайды. Орманды алқаптар Жалағаш, Ұзынбұлақ, Темірлік, Қарқара, Екіаша орманшылықтарының бақылауында. Мекемеде 109 адам жұмыс істейді.

Екі қабатты ғимаратты салу жұмысын мердігер «DOS STORY INVEST» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қолға алды. Жұмыстың сметалық құны 414,4 млн теңгені құрады. Еңселі ғимараттың жалпы аумағы – 440,1 шаршы метр.

Ғимараттың ашылуына қатысқан аймақ басшысы Марат Сұлтанғазиев ел Президенті 2 млрд ағаш отырғызу туралы тапсырма бергенін, облыста бұл іске айрықша мән беріліп отырғанын, бүгінгі шара соның бір парасы екенін атап өтті.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылғы Жолдауында жергілікті атқарушы органдарға орман шаруашылығы бөлімшелерінің материалдық-техникалық базасын күшейтуді тапсырған болатын. Бұл – еліміздің экологиялық қауіпсіздігі мен жасыл қорды сақтау жолындағы стратегиялық міндеттерінің бірі. Бүгінгі шара тек ғимараттың салтанатты ашылуы ғана емес, өңірдің орман шаруашылығын жаңа деңгейге көтеретін, экологияны қорғауға бағытталған нақты қадам. Көлемі 400 шаршы метрден астам аумақты қамтитын заманауи нысан қызметкерлерге қолайлы жағдай жасап ғана қоймай, олардың кәсіби міндеттерін жоғары деңгейде орындауына мүмкіндік береді. Бұл ең алдымен сапалы еңбекке, табиғатты аялау ісіндегі жаңа жетістіктерге жол ашады. Осы іске атсалысқан құрылысшыларға, мердігер ұйымға және жауапты тұлғалардың барлығына алғысымды білдіремін. Сіздердің орманды қорғау жолындағы адал еңбектеріңіз елдің ертеңіне қосылған баға жетпес үлес. Қуаныштарыңыз құтты болсын! Жаңа ғимарат берекелі істеріңіздің бастауына айналсын! Еңбектеріңіз жемісті, бастамаларыңыз сәтті болсын! – дей келе ғимараттың символикалық кілтін мекеме директоры Айболат Солтанғазиевке тапсырды.

(Соңы 2-бетте) ➡

БАСПАСӨЗ – 2025

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Жақсы сөз, шуақты ой – жолдағаны,
Тілі бай, қазынасы мол бағалы.
«Алатау арайына» жазылыңыз,
Ұлтқа деген шын құрмет сол болады!

Баспасөзге жазылуға қатысты сұрақтар бойынша
мына нөмірлерге хабарласуға болады:
87476881741, 87082109571

«АЛАТАУ АРАЙЫ» газеті редакциясының мекенжайы:
Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1. 3-қабат.

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

Жазылушылар	Индексі	3 айға	
		қала	ауыл
Жалпы жеке жазылу	64792	2001,6	2001,6
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін (занды тұлғалар, бюджеттік мекемелер және басқалар)	14792	4920,48	2793,6
ҰОС қатысушыларына, зейнеткерлерге, мүгедектерге және көпбалалы отбасыларға жеңілдікпен	54792	1821,6	1821,6

ЭЛЕКТРОНДЫ ФОРМАТТА ЖАЗЫЛУ:

Жазылушылар	6 айға	12 айға
Жалпы жеке жазылу	2500	5000
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін (занды тұлғалар, бюджеттік мекемелер және басқалар)	4000	8000
ҰОС қатысушыларына, зейнеткерлерге, мүгедектерге және көпбалалы отбасыларға жеңілдікпен	2050	4100

РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП БАЛАМА ЖАЗЫЛУ:

Жазылушылар	6 айға	12 айға
Жалпы жеке жазылу	3000	6000
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін (занды тұлғалар, бюджеттік мекемелер және басқалар)	4400	8800
ҰОС қатысушыларына, зейнеткерлерге, мүгедектерге және көпбалалы отбасыларға жеңілдікпен	2450	4900

Газетке жазылу науқаны жыл бойы жалғаса береді.

← (Басы 1-бетте)

Қарқара орманшылығының орманшысы Ренат Бақытбекұлы мекеме қызметкерлері атынан облыс әкімі Марат Елеусізұлына алғысын айтып, орманды ары қарай көбейтуге, көгалдандыруға атсалысатындарын жеткізді. Тоғызбұлақ ауылының тұрғыны, орман шаруашылығының ардагері Кенжебек Досайбеков «Жаңа ғимараттың қабырғасы мықты, табалдырығы берік, орманшылардың еңбегі жемісті болсын!» деген ақ батасын берді. Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сабыр Досымбеков те ақжолтай тілегін жолдады.

Облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев, орман шаруашылығының ардагері Махамбет Ноғайбаев, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сабыр Досымбеков жаңа ғимараттың лентасын қиып, ақ жаулықты аналар шашу шашты. Бұдан соң жиналған көпшілік жаңа ғимараттың ішін аралап көрді.

Кеген орман шаруашылығы мекемесінің директоры Айболат Сұлтанғазиев орман қоры мен оны күтіп-баптау, көшет отырғызу, Шренк шыршасының тұқымын қолмен себу, өсіру технологиясы жөнінде баяндап берді.

Расында қоршаған ортаға қам-қорлықпен қарап, жасыл желекті көбейту, тазалық мәдениетін қалыптастыру қашанда өзекті. «Бір тал ексең, еліне орман салғаның» деген сөзді мәйек етіп, өңірді көркейтуге үлес қосып жүрген орманшыларға ашылған жаңа ғимарат қызметкерлер жұмысын бұрынғыдан да ширата түспек.

Келесі кезекте облыс әкімі әлеуметтік аз қамтылған және көпбалалы отбасыларды баспанамен қамтамасыз ету мақсатында Кеген ауылында салынып жатқан 72 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысын көрді. Аудан әкімінің орынбасары Медет Исаев пен мердігер «Компания Строй индустрия» ЖШС-нің басшысы Самат Ахман мұндағы жұмыс барысын таныстырды.

Тұрғын үйдің іші-сыртын аралап, заманауи үлгіде салынып жатқанына көңілі толған аймақ басшысы оның сапасына да жіті назар аударды. «Хайтек» үлгісіндегі баспаналарды жеке кәсіпкер өз қаражатына салуда. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстарының 75 пайызы орындалған.

Аудан әкімі Нұрбақыт Теңізбаев: – Бұған дейін аудан бойынша үй кезегінде 540 адам тұрған болатын. Қазіргі таңда бұл көрсеткіш 380-ге дейін төмендеді. Жаңа үйлер пайдалануға берілген соң, баспанаға зору жандардың қатары біршама азаяды, – деді.

Бұдан соң Марат Елеусізұлы Қарқара ауылындағы суару желілерін, Қарқара өзенін көріп, жағалаудағы жөндеу жұмысымен танысты. Қазіргі таңда өзен бойына су өткізу құрылғысы орнатылып, жағалау нығайтылуда.

Мердігер – «Г.С.Г.Высотник» ЖШС, авторлық қадағалаушы – «АиГТР» ЖШС. Мердігер компания

«АҚ БИДАЙ – 2025»

АУЫЛ СПОРТЫНА СЕРПІН БЕРЕДІ

Қарасай ауданындағы «Үшқоңыр» спорт кешенінде «Ақ бидай – 2025» VIII республикалық ауыл спорты ойындары басталды. Аталған жарысқа еліміздің түкпір-түкпірінен 18 жаспан асқан 3000-ға жуық спортшы бақ сынауға келді.



● Ерзат АСЫЛ

Ел елдеген доданың ашылу салтанатында сөз алған облыс әкімінің бірінші орынбасары Нұрлан Әбдірахым қатысушыларға сәттілік тілеп, ауыл спортының ел болашағы үшін маңызын атап өтті.

«Баршаңызды «Ақ бидай – 2025» VIII республикалық ауыл спорты ойындарының ашылуымен құттықтаймын! «Ақ бидай» – ауыл спортының дамуына серпін беретін, салауатты өмір салтын қалыптастыруға жол ашатын ерекше мүмкіндік. Бұл дода тек спорттық шеберлікті шыңдап қана қоймай, ынтымақ пен достықты нығайтуға қызмет етеді», – деді Нұрлан Ерғалиұлы. Сонымен қатар ол Мемлекет басшысының бұқаралық спортты дамытуға қатысты тапсырмаларын атап өтіп, облыста жүйелі жұмыстар атқарылып жатқанын жеткізді. Аймақта 25 мыңнан астам



Суретті түсірген – Дина ДӘУІТБЕКОВА

өкілі жөндеу жұмыстарының кешігіп басталғанын баяндап, жұмыс барысымен таныстырды. Облыс әкімі Марат Елеусізұлы уақытты озырмай, дер кезінде аяқтауды тапсырып, жұмысты өз бақылауына алатынын жеткізді. Аудандағы каналдардың жалпы ұзындығы – 121,5 шақырым. Каналдарға қатысты суарылатын жер көлемі 9198 гектарды құрайды. Олар – «Құмтекей», «Ұзынбұлақ», «Жылысай», «Алғабас», «Ақсай», «Саты», «Иірсу», «Қарқара», «Мөңкебай» каналдары. Айта кетерлік бір жайт, ауданда егістік алқаптарын суаруға қажетті су көлемі тапшы. Мамандардың айтуынша, егістік науканында ағын су жеткізу үшін «Құмтекей» каналы іске қосылса, ауыл тұрғындары үшін ғана емес, жалпы аудан үшін ауыл шаруашылығы және экологиялық маңызы бар су көзі болмақ.

Әкім сапары барысында Қазақстан-Қырғызстан шекарасындағы «Кеген» өткізу бекеті де назардан тыс қалмады. Бұрын тек күндіз екі ел азаматтарына қызмет көрсететін қазақтың «Кеген», ал қырғыздың «Қарқара» шекара бекеттері енді тәулік бойы жұмысын жалғастыруда. «Кеген» шекаралық бақылау бөлімшесінің бастығы Д.Өмірзақов «Кеген» өткізу бекеті ғимаратының ескіргенін, интернет желісінің қолжетімсіз екенін тілге тиек етіп, аймақ басшысына өз ұсынысын жеткізді. Өз кезегінде облыс әкімі шекара шебінен қызметкерлердің тұрмыс жағдайы мен әлеуетін арттыруды басты назарда ұстайтынын айтып, шекаралық бақылау бөлімшесі атынан облыс әкімдігіне тиісті хат жолдауын тапсырды. Алда инфрақұрылымдық, техникалық жаңартулар қолға алынып, халықтың бекеттерден кедергісіз қатынауына барлық жағдай жасалмақ.

Сапарының екінші күнін Марат Елеусізұлы Қарқара ауылындағы Мәдениет үйінде ауыл тұрғындарын қабылдаудан бастады. Облыстық

басқарма басшылары да аудан тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдап, мұң-мұқтаждарын тыңдады.

Бұдан соң аймақ басшысы аудан тұрғындарымен кездесу өткізіп, жиынды облыстық мәслихат төрағасы Қуат Байғожаев жүргізіп отырды.

Алғашқы кезекте өңірдің 2025 жылдың 7 айындағы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары мен алдағы атқарылатын жұмыстары туралы Кеген ауданының әкімі Нұрбақыт Теңізбаев баяндама жасады.

– Ауданымызда биылғы 7 айда әлеуметтік салада, инфрақұрылымды дамытуда, ауыл шаруашылығы мен кәсіпкерлікті қолдауда бірқатар нәтижеге қол жеткізілді. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету мақсатында инвестиция тарту, инфрақұрылымды дамыту, жаңа жұмыс орындарын ашу бағытында нақты шаралар қолға алынды. Бұл жұмыстар өз кезегінде тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға, кәсіпкерлікті өркендетуге және өңірдің тұрақты өсімін қамтамасыз етуге ықпал етпек. Сонымен қатар, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және ауыл шаруашылығы салаларында маңызды жобалар іске асырылып, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту бағытындағы шаралар жалғасын табады. Инвестициялық мүмкіндіктерді тиімді пайдалану арқылы ірі кәсіпорындарды тартуға, шағын және орта бизнестің дамуына қолайлы жағдай жасалмақ, – деген өңір басшысы әр сала бойынша атқарылып жатқан істерге жеке-жеке тоқталып өтті. Аудан көлемінде атқарылған жұмыстар туралы толыққанды есеп берді.

Келесі кезекте облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев мінбеге көтеріліп, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы баяндады. Ауданның негізгі күнкөріс көзі ауыл шаруашылығымен тікелей байланысты екенін еске салып, осы саланы барынша

дамыту қажеттігін жеткізді. Сонымен қатар тамылжыған табиғатымен танымал ауданда туризмді дамытуға баса көңіл бөлу керектігіне тоқталды.

Көптен бері аудан тұрғындарының көкейінде жүрген газ мәселесі де жиында сөз болды. Бұл ретте облыс әкімі газдандыру бойынша құжаттар мемлекеттік сараптамадан өтіп, қаржыландыру мәселесі қарастырылып жатқанын айтты. Шекарадағы интернет байланысын қалпына келтіру, ауданда өндірістің тиімділігін көтеру мәселесі де сөз етілді. Сонымен қатар аймақ басшысы жауапты мамандарға Келсаядағы жүз орынды автотұрақты тезірек аяқтау туралы тапсырма берді. Автокөлік жолы жайына да тоқталған Марат Елеусізұлы: «Қайыңдыға жол салуға мердігер тағайындалды, «Кеген-Нарынқол» тас жолы 0-74 шақырымының 0-37 шақырымы жасалуда. Яғни, қазір Кеген-Сарыжаз ауылдарының арасы жөнделуде, қалған Текес-Сарыжаз ауылдарының арасы 2026 жылға жоспарлануда», – деді.

Облыс әкімі тұрғындар сұрақтарына да жауап берді. Шырғанак ауылының тұрғыны, «Санязов» шаруа қожалығының төрағасы Серік Санязов «Ауданда мал тұқымын асылдандыру пунктін ашуға атсалыссаңыздар» деген ұсынысын жеткізді. Бұл өтінішті аймақ басшысы қолдап, алдағы уақыттың еншісінде шешімін табатынын айтты.

Тұрғындар тарапынан ауызсу, жол және тағы басқа мәселелер көтерілді. Қойылған сұрақтарға тиісті мамандар жауап берді. Жиын соңында облыс басшысы қорытынды сөз сөйлеп, кездесу ауыл ақсақалының ақ батасымен түйінделді.

Иссапар барысында Марат Елеусізұлы Жалағаш ауылындағы жөндеуден өткен «Екіаша» орманшылығының кеңсесі мен «Жалағаш» орман шаруашылығы тұқым бағының тыныс-тіршілігімен танысты.

«Кеген орман шаруашылығы» мекемесінің директоры Айболат Әскербекұлының айтуынша, «Жалағаш» орманшылығында базалық 54,0 гектар және Тұйық ауылында орналасқан «Темірлік» орманшылығында уақытша 5,4 гектар тұқымбақ бар. Бұл тұқымбақта Шренк шыршасы, арша мен басқа да ағаштардың көшеттері өсіріліп, күтіп-баптау жұмысы жүргізіліп, төрт жылдан соң орманды алқаптардың көлемін көбейтуге жұмсалды. Мамандар әкімге екі, үш және төртжылдық Шренк шыршасының күтімі мен ерекшеліктерін көрсетті.

– Алдымызға қойған міндет зор. Ел Президенті Қ.Тоқаевтың мемлекет қорларында 2 млрд ағаш отырғызу туралы тапсырмасына сәйкес, Алматы облысында 2021-2027 жылдарға арналған кешенді жоспар қабылданды. Алдағы уақытта 23 мың га жерге

52 млн ағаш өсірілетін болады. Бұл ағаштарды өсіру үшін, ең бірінші бізге көшет қажет. Сол көшеттер, осы «Жалағаш» тәлімбағында өсірілуде. Өздеріңіз көргендей, тұқымнан жинап, төртжылдық стандарттық көшетке жеткізіп, содан кейін таулы аймақтарда отырғызылатын болады, – деді облыстық табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Жанат Нүсіпбаев.

Бұл күні Жалағаш ауылында жаңа Мәдениет үйі ашылды. Облыс басшысы бастаған топ ауыл халқының қуанышын бөлісті.

– Жалағаш ауылының бұрынғы Мәдениет үйінде халықпен кездесу өткізгенбіз. 1959 жылы салынған ғимарат өте ескі болатын. Небәрі төрт қызметкер ғана еңбек ететін. Екі жүз адамға дейін көрермен қабылдауға мүмкіндігі бар жаңа Мәдениет үйінде енді сегіз қызметкер еңбек етпек, соның төртеуі мәдениет саласының мамандары. Үйірмелер саны онға дейін көбейіп, ауыл өрендерін шығармашылыққа баулуға жол ашылады. Осылайша жаңа Мәдениет үйі халықтың рухани сұранысын өтеуге, жастарды өнермен мәдениетке баулуға, ауылдың қоғамдық өмірін жандандыруға мүмкіндік береді, – деген облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев жаңа ғимараттың символикалық кілтін аудандық Мәдениет үйінің директоры Еркебұлан Нұрбайұлына табыс етті.

Мәдениет үйінің ашылу салтанатында облыстық мәслихат төрағасы Қуат Байғожаев, ғалым-ұстаз, филология ғылымдарының кандидаты Сағатбек Медеубекұлы, Қазақстан Республикасының Құрметті құрылысшысы, Райымбек ауданының Құрметті азаматы Нұраш Жақашев, Райымбек, Кеген аудандарының Құрметті азаматы, еңбек ардагері Әріп Сыбанбаев құттықтау сөз сөйлеп, ғимараттың лентасын қиды. Ауыл халқы мәре-сәре болып, әжелер қазақы салт-дәстүр бойынша шашу шашты. Заман талабына сай салынған, екі қабатты Мәдениет үйінде барлық жағдай жасалған. Ғимараттың ашылуына арнайы келген құрметті қонақтар ризашылықтарын білдірген ауыл халқының қуанышында шек болмады.

Кереге таулы Кегендегі екі күндік сапарында өңір тынысымен жете танысқан облыс әкімі Марат Елеусізұлы қабылдауына және есептік жиналысына келген азаматтардың арыз-шағымдары, талап-тілектері ескеруіне қалай, орындалатынын жеткізді. Жиын барысында басқармалар басшылары мен аудан әкіміне, орынбасарларына арнайы тапсырма берген аймақ басшысы кейбір мәселелер аудан шеңберінде жауабын табуға тиіс екенін ескертті.

Кеген ауданы

ЕГІН ОРАҒЫ – 2025

Ісімен үлгі

Әне-міне дегенше, жаймашуақ жаз да өтіп, қоңыр салқын күз де келіп жетті. Жаздың әр күнін тиімді пайдалану мал шаруашылығымен айналысатын жандар үшін өте маңызды. Мұны ескерген балқаштық шаруалар ала жаздай тыным таппастан шөп орды. Бұл жауапты науқанның қалай жүзеге асып жатқанын білу мақсатында Балқаш аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Бүркіт Мұқановпен бірге «Өтес-Ақдала» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің №1 бөлімшесіне арнайы барып, ол жердегі қызу еңбекті көзбен көрдік.



Біз атбасын бұрған шаруашылық қысқы мал азығын дайындау жұмысын жүйелі атқарып, өздеріне тиесілі 429 гектар суармалы жерге егілген жоңышқалықтың екінші орылымын ойдағыдай аяқтап, үшінші орылымға шалғы салып жатыр екен.

Аталмыш шаруашылықтың бөлімше басшысы Марат Дүйсенов пен механизатор Жанат Жолдасұлының атқаратын жұмысы шаш-етектен болса да бір сәтке тізгін тартып, үшінші рет орылатын шүйгін шөптің құнары және науқанға ала жаздай жұмылдырылған техникалар мен оларға қанша жанар-жағар май жұмсалғаны, егіс алқапта демалыссыз еңбек еткен жұмыскерлердің жағдайы жайында айтып берді.

Мұнан соң Марат Жолдасұлы 386 гектар жерге егілген күріш алқабын аралатып көрсетті. Диканшының айтуынша, биылғы жаз айларындағы аптап ыстық күріш дақпылының жақсы өсіп-жетілуіне оң ықпалын тигізген. Ақ күмістен сапалы өнім алу үшін қажетті тыңайтқыштар да қолданылған.

Бір айта кетерлігі, Марат Дүйсенов қысқы мал азығын дайындау жұмысын тұрақты кәсіпке айналдырған. Өйткені ол өз қаражатына шөп шабуға арналған бір «Германка» комбайнын және бір шөп бастырғыш, екі «МТЗ-80» тракторын сатып алған. Шөп тиегіш құрылғы орнатылған «МТЗ-80» тракторын өзі тізгіндеп, барлық жұмысты механизаторлармен бірге атқарып жүр.

Жастайынан егіс алқабында тер төгіп, адал табыс тауып жүрген ағайынды Жанат пен Марат Дүйсеновтер – нағыз еңбек иелері. Олар әке жолын жалғастырып жүрген Ақдала ауылының беткеуістар азаматтары. Күн-түн демей, еңбектің қара қазанында қайнаған жандар өзгелерге ісімен үлгі.

Бақтығали ДӘУТБАЕВ
Балқаш ауданы



Еңбекшіқазақ ауданы Қаратұрық ауылында Екінші дүниежүзілік соғыс ардагері, облыстан шыққан білікті агроном, Еңбекшіқазақ ауданының Құрметті азаматы Варис Абдуллаевтың 100 жылдық мерейтойы аталып өтті.

● Құралай МҰРАТҚЫЗЫ —

Дана халқымыз «Ауылына қарап, азаматын таны» дейді. Ауданның ауыл шаруашылығы саласына еңбегі сіңіп қана қоймай, бүгінде Шелек



ТУҒАН ЖЕРІН ТҮЛЕТКЕН

өңірінде жасыл желектің жайқалып өсуіне үлкен үлесін қосқан азаматтың бірі – Варис Абдуллаұлы. Ол кісінің бастамасымен қазіргі Қаратұрық, Ащысай, Достық, Лавар ауылдарының ішіне және егістіктегі ауыспалы егіс арасына түрлі ағаш көшеттері отырғызылған. «Жеміс-жидек пен әдемі гүлдерге ерекше қызығып, ден қойған агроном ауылдың ішін кезінде гүлзар баққа айналдырды», – дейді көзкөргендер.

Варис Абдуллаұлы 1925 жылы бұрынғы Шарқожа ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын туған ауылында хатшы қызметінен бастайды. 1943 жылы әскер қатарына алынып, 368-атқыштар полкінің арнайы бөлімінде болады. Соғыстан кейін Шелек өңірінде темекі өсіруге арналған жер көлемі ұлғайып, жаңа шаруашылықтар құрыла бастайды. Сол кезде бұл салаға білімді мамандар ауадай қажет еді. Ресейдің Краснодар қаласындағы Кубань ауыл шаруашылығы техникумын бітіріп келген Варис Абдуллаев 1949-1950 жылдары Шелек пен Тескенсуда темекі өсіру және қабылдау жөніндегі алғашқы агроном болып жұмыс істейді. 1951 жылы Алматыдағы ауыл шаруашылығы институтын сырттай оқып бітіреді. Сол жылдан бастап құрметті зейнет демалысына дейін ауыл шаруашылығы саласында тер



төккен Варис Абдуллаұлы талай жас маманға жол көрсетіп, тәлім-тәрбие берді. Өңірден еңбек үздіктері шығып, егіс өнімінің еселеп артуына үлес қосты. Жайқалып өскен егіс алқаптары мен бау-бақша өнімі туған жердің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін берді. Жолдар жасалып, әлеуметтік нысандар бой көтерді. Осындай игі істің қасында жүрген азаматын ауылдастары ерекше құрметпен еске алды.

Жүз жылдық мерейтой Қаратұрық ауылындағы Мәдениет үйінің алдында Варис Абдуллаұлының ескерткішін және осы елдімекендегі еңбек ерлерінің құрмет тақтасын ашумен басталды. Сондай-ақ білікті агрономның өмір жолын баяндап, өңір тарихынан сыр шертер «Әл-Варис» кітабының да тұсауы кесілді.

Іс-шараға арнайы келген облыстық мәслихат төрағасы Қуат Байғожаев Алматы облысының әкімі Марат Сұлтангазиевтің құттықтауын жеткізді. Еңбек ерінің көзін көрген ауыл ақсақалдары естеліктерімен бөлісіп, туған жерін түлетуге мол үлес қосқан азаматтың арда ісін кейінгі ұрпаққа үлгі етті. Еске алу кешіне жиналған жұртқа ас беріліп, ауыл жастары арасында футболдан жарыс ұйымдастырылды.

Еңбекшіқазақ ауданы

● ФОРУМ

Белсенді жастар бас қосты

Жасыл энергетика саласындағы өз бастамаларын ілгерілетуді көздейтін «Jastar future energy» жастар қозғалысы күн өткен сайын еліміздегі ең бастамашыл ұйым ретінде танылып келеді. Жақында табиғаты көрікті Талғар ауданы Бесқайнар ауылындағы «Be Fine» отбасылық демалыс аймағында облыстың алты өңірі мен Астана қаласының жастары жиналған үш күндік жастар форумы өтті.

● Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ —

Жас көшбасшылар бас қосқан жынға 35 жасқа дейінгі алдағы мақсаты айқын, жаңа сынаққа дайын және кәсіби өсуді басты бағыт ретінде ұстанатын бастамашыл, белсенді буын жиналды. «Жаңа толқын» жобасы аясында өткен іс-шараның басты мақсаты – пікір алмасу және заманауи жобаларды іске асыру болды. Оған қоғамдық ұйымдардың, этномәдени орталықтардың өкілдері қатысты.

Форумды облыстық мәслихат депутаты, Қазақстан халқы Ассамблеясы депутаттық тобының жетекшісі Сұлтан Нұрдіәулетов ашып, өзінің құттықтау сөзінде жастардың қоғам өміріндегі рөлін, олар – елді жаңғыртудың басты қозғаушы күші екенін атап өтті.

Жиында сөз алған «Жастар ассамблеясы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Тимур Жұмырбаев «ҚХА қызметіндегі жастар ассамблеясының рөлі» тақырыбында баяндама жасады. Ол «Жастар ассамблеясы» – көптеген этнос өкілдерін өз қанатының астына біріктірген бірегей ұйым екенін айтты. Спикер сондай-ақ форум ұйымдастырушыларының жетекші рөлін, жастар арасында пікір, тәжірибе алмасу алаңын ұйымдастыра алған «Jastar future energy» жазғы лагерь жұмысының маңызына да тоқталды.

– Біздің міндетіміз – жастардың рөлі мен беделін арттыру, олардың қарым-қабілетін дамытып, мәдениетаралық коммуникация үдерісіне жиі қатысуына

ықпал ету. Мұндай форумдар түрлі құрылымдар арасында диалог құруға мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен бірге жас көшбасшыларды, еліміздің кадрлық резервін дайындауға мүмкіндік береді. Бүгінгі кездесудің арқасында ауыл мұғалімдерін, еңбек жастарын біздің ортаға тартуға қатысты көптеген идея мен ұсыныстар айтылды, – деді Тимур Жұмырбаев.

«Қазақстанның ұйғыр жастары одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы, «Жастар ассамблеясы» РҚБ төрағасының кеңесшісі Рүстем Қайыровтың «ҚХА жасанды интеллект дәуірінде – бірлікті нығайтудың жаңа мүмкіндіктері» тақырыбында сөйлеген сөзі де осы сипатта болды. Облыстық жастар ресурстық орталығының директоры Мақсат Кенешевтің «Жарқын болашақ: жастардың әлеуеті мен мүмкіндіктері» тақырыбында сөйлеген сөзі де ешкімді бей-жай қалдырмады.

– Мұндағы басты мақсат – Қазақстан халқының қоғамдық келісімі мен жалпыұлттық бірлігі негізінде жастарды дамыту және топтастыру, Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі шеңберінде жастардың бастамаларын қолдау және қоғамдық белсенділігін арттыру. Жұмыстың негізгі бағыты мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру деп санаймын. Ол үшін бірінші кезекте жастардың құқықтары мен

занды мүдделерін қорғау қамтамасыз етілуі тиіс. Екіншіден, жастарды елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өміріне белсенді түрде тарту қажет. Үшіншіден, азаматтықты тәрбиелеу және қазақстандық патриотизм сезімін нығайтуымыз аса маңызды, – деді Мақсат Кенешев.

Форум қатысушылары спикерлер жасаған барлық баяндаманы үлкен қызығушылықпен тыңдап қана қоймай, жастарды дамыту және жаңа жобалар мен бастамаларды іске асыру тақырыбындағы пікірталасты белсенді өрістете отырып, оларға өздерін мазалайтын сұрақтар да қойды. Үш күн жалғасқан шара кезінде жас көшбасшыларға ҚХА-ның 30 жылдығына арналған шеберлік сыныптары, фильмдер, бейнеүзінділер, этноойындар, музыкалық супен-эйрлер, челлендж көрсетілді.

Форум қарым-қатынас және тәжірибе алмасу форматында өтті. Қатысушылар мазмұнды баяндамалар тыңдап, нақты тәжірибеге негізделген пайдалы кеңестер алды, тренингтер, сұхбат алаңдары мен шеберлік сыныптарынан өтті. Жастар форумы тек мереке ғана емес, мемлекеттік қолдауды, кәсіпқойлар тәжірибесі мен жаңа буын энергиясын біріктірген ауқымды пікірталас алаңына айналды.

Талғар ауданы

БРИФИНГ

Тіркеу жалғасады

Қыркүйектен бастап жыл сайынғы халықты алғашқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдарына тіркеу науқаны басталды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында өткен баспасөз мәслихатында облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Ләйлә Серікбаева мәлімдеді.

● Гүлзат БАЙҚОНЫСОВА —

– Алғашқы медициналық-санитариялық көмек – денсаулық сақтау жүйесінің негізі, медициналық қызмет көрсетудің алғашқы әрі ең маңызды бөлігі. Осы арқылы тұрғындар дәрігерлердің кеңесіне жүгініп, емделе алады. Тіркеу ережесіне сәйкес азаматтар өз әкімшілік аймағындағы емхананы таңдай алады. Осы кезеңде тіркелуге өтініш бергендер жаңа емханада 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап медициналық көмек ала алады. Өрбір азамат тіркелетін медициналық ұйымды өз қалауы бойынша таңдауға құқылы, – деді Ләйлә Пернебайқызы.

Науқанға ҚР азаматтары, қандастар, елімізде тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ жандар (ықтиярхат болған жағдайда), Еуразиялық экономикалық одақ құрамына кіретін елдерден келген еңбек мигранттары мен олардың отбасы мүшелері ерікті немесе міндетті медициналық сақтандыру шарты болған жағдайда қатыса алады.



Азаматтар eGov.kz порталы, eGovMobile мобильді қосымшасы арқылы немесе таңдаған емхананың тіркеу бөліміне барып тіркеледі. Алдыңғы емханадан автоматты түрде шығарылады. Барлық отбасы мүшелерінің бір учаскелік дәрігерге тіркелуі ұсынылады. Бұл медициналық көмек сапасын арттырады.

Осы арқылы тұрғындар дәрігер бақылауында болуға, МӘМС жүйесі аясында тегін көмек алып, профилактикалық тексерулер мен скринингтен өтуге және тұрғылықты жері немесе жұмыс орны бойынша ыңғайлы медициналық қызметке жүгінуге мүмкіндік алады. Маманның айтуынша, дұрыс медициналық ұйымды таңдау ауруды ерте анықтауға, емдеу тиімділігін арттыруға, науқас жағдайын жақсы білетін дәрігермен нәтижелі жұмыс істеуге көмегін тигізеді. Науқан 1 қарашаға дейін жалғасатын болады.

Тиімді терапия

Жыл басынан бері облыста АИТВ-мен науқастанған 24 әйел босанып, барлығы антиретровирустық профилактиканың толық курсынан өткен. Осылайша жаңа туған сәбилерде қауіпті дерттің анадан балаға берілуінің алдын алған. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында өткен баспасөз мәслихатында облыстық ЖИТС орталығының директоры Алмас Масалимов мәлімдеді.

– Облыстық ЖИТС орталығында АИТВ-ға шалдыққан 2782 адам есепте тұр. Оның 2700-і антиретровирустық терапия алады. Вирус жұқтырған жандардың 90%-ы тұрақты ем қабылдап жатыр. Бұл көрсеткіш өткен жылы 87% болған. Терапия тиімділігі де 90%-ға жетті. Бұл олардың толыққанды өмір сүруіне мүмкіндік береді және вирустың таралуына жол бермейді, – деді Алмас Байқұрмашұлы.

Спикер заманауи терапияның тиімділігі артып келе жатқанын растады. Антиретровирустық ем қабылдау науқастың вирусты серіктестеріне жұқтыруына және анадан балаға берілуіне жол бермейді. Соңғы екі жылда балаларға АИТВ жұқтыру жағдайы тіркелмеген. ЖИТС-тен болатын өлім-жітім деңгейі төмендеп, 100 мың тұрғынға шаққанда 0,3%-ды құраған.

АИТВ-мен науқастанған адамдар арасында С вирустық гепатитін емдеуде де оң өзгеріс байқалады. Былтыр бұл көрсеткіш 5% болса, биыл 22%-ға жеткен. Сондай-ақ маман облыстық ЖИТС орталығындағы мұндай өзгерістер өңір тұрғындарының денсаулығын нығайтудағы маңызды қадам екенін атап өтті. Алдағы уақытта да эпидемиологиялық жағдайды бақылауда ұстап, 2030 жылға қарай АИТВ-ның таралуын тоқтатуға мүмкіндік беретін алдын алудың заманауи әдістеріне қолжетімділік деңгейін арттыру міндеті тұрғанын айтты.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

Жемқорлыққа жол жоқ!

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабы аясында жемқорлық қылмыстарына бой алдыруына кәсіби әдептілігінің жетіспеуі, жеке басының қамын ойлауы және тағы басқа себептер жатады. Осыған тосқауыл қою үшін қызметкерлердің құқықтық сауаттылығын арттырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерімен таныстырып отыруымыз қажет.

Әр мекеме жұмыс тобын құра отырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтап, оны жоюдың көздерін қарастыруда. Мемлекеттік қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық қылмыстарына бой алдыруына кәсіби әдептілігінің жетіспеуі, жеке басының қамын ойлауы және тағы басқа себептер жатады. Осыған тосқауыл қою үшін қызметкерлердің құқықтық сауаттылығын арттырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерімен таныстырып отыруымыз қажет. Бұл дертпен күресу үшін бүкіл халық болып атсалысып, оның қоғамға таралуына жол бермеуіміз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосып, халықтың сенімінен шығатынымыз анық. Біздің мекеме қызметкерлері арасында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп отырады. Мекеменің кіреберісінде сенім жәшігі қойылған, сонымен қатар 1424 сенім телефон нөмірі ілінген.

Бексұлтан ОСПАНОВ,
Талғар аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы



Үмбетәлі Кәрібаев әдеби-мемориалды музейінде «Нар тұлға» атты тағылымды кеш өтті. Аталған шара мемлекет және қоғам қайраткері, еліміздегі музей ісінің дамуына өзіндік қолтаңбасын қалдырған этнограф-ғалым, ұлт рухының шамшырағы Өзбекәлі Жәнібековті еске алуға арналды.

● Серік САТЫБАЛДИЕВ —

Мәдени шараға Өзбекәлі Жәнібековтің ұрпақтары арнайы келіп, естеліктерімен бөлісті. Сондай-ақ облыстық музейлер бірлестігі директорының орынбасары Мақсат Есмұратов, филология ғылымдарының кандидаты Анарбай Бұлдыбай, филология ғылымдарының докторы Нұрәулет Ақыш, «Отбасы хрестоматиясы» баспасының директоры Бағдат Құдияр, этнограф, музей-

НАР ТҰЛҒА



танушы Сәуле Мерекеева, музыкалық аспаптанушы, этнолог Зәбира Жәкішева және ауданда орналасқан музейлердің қызметкерлері қатысты.

Кеш барысында Өзбекәлі Жәнібеков жайлы жан-жақты естелік-әңгіме айтылды. Ұлт тұлғасының ұрпақтары, Алматы қаласындағы Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптары музейінің меңгерушісі Бауыржан Жәнібеков пен «Өзбекәлі Жәнібеков» қорының президенті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы Азел Жәнібекова әкелерінің отбасында аса мейірімді жан болғандығымен қоса ұлтқа сіңірген ерен еңбегінен сыр ақтарды.

Кешке қатысқан ақын-жазушы, ғалымдар ұлт тұлғасының қазақ руханиятын жаңғыртуға қосқан


зор еңбегін айрықша атап өтті. Төл тарихымыздың төрт құбыласын түгендеп, асыл мұрасын бағалап, бабадан мирас болған бай мәдениетіміздің мәртебесін асқақтатқан тұлға екендігіне тоқталды. Өзбекәлі Жәнібеков кезінде «өленнің қара жорғасы» атанған халық ақыны Үмбетәлі Кәрібаев музейінің ашылуына да тікелей ықпал еткен болатын. Есімі ғасырдан ғасырға жетіп, келер ұрпақтар есінде мәңгі сақталсын деген тілектер айтылды.

Шарада аудандық «Сүйінбай сазы» фольклорлы-этнографиялық ансамблі өнерпаздарының орындауында әуелеген ән шырқалып, күмбірлеген күй төгілді.

Үмбетәлі ауылы, Жамбыл ауданы

МАМАН МІНБЕРІ

Сәндік өсімдікті қалай қорғаймыз?



Қазақстанда жылыжай жағдайында сәндік өсімдіктерді өсіру жылдан-жылға артып келеді. Гүл шаруашылығы тек әсемдік үшін ғана емес, сонымен қатар экономикалық табыс көзіне айналып отыр. Алайда олардың сапасы мен сәндік қасиеттері өрмекші кененің (*Tetranychus turkestanii*) зақымдауынан айтарлықтай төмендейді. Бұл зиянкес жоғары температура мен құрғақшылықта тез көбейіп, өсімдіктерге залал келтіреді.

Көп жағдайда өрмекші кенемен күрес үшін химиялық препараттар қолданылады. Бірақ олардың да өзіндік қиындығы бар. Атап айтқанда, фитоуыттылық (өсімдікке зиян келтіру), кенелердің дәріге төзімділігінің қалыптасуы, сонымен қатар гүлдерді кесу кезінде химиялық препаратты пайдалануға болмайды.

Осыған орай, қазіргі таңда химиялық әдістерге балама ретінде өсім-

діктерді биологиялық қорғау әдістеріне сұраныс артып отыр. Өсімдіктерді биологиялық қорғау – бұл зиянкестерге қарсы табиғи жолмен күрес жүргізу тәсілі. Яғни химиялық препараттың орнына табиғатта кездесетін жыртқыш жәндіктер мен кенелерді, сондай-ақ микроорганизмдерді пайдалану арқылы зиянкестердің санын азайту. Бұл әдістің басты артықшылығы – оның экологиялық

қауіпсіздігінде. Өсімдіктерге, адамға және жануарларға ешқандай зиян келтірмей, табиғи тепе-теңдікті сақтайды. Сонымен қатар биологиялық әдісті қолданғанда өнімнің сапасы бұзылмайды, гүлдер мен басқа да өсімдіктер зиянды қалдықсыз, таза күйінде қалады. Сәндік өсімдіктерді өрмекші кенеден биологиялық қорғаудың тиімді тәсілдерінің бірі – жыртқыш кене фитосейулюсты (*Phytoseiulus persimilis*) пайдалану. Фитосейулюс өрмекші кенемен қоректеніп, оның популяциясын қысқа мерзімде төмендетуге қабілетті. Ең бастысы – бұл әдіс экологиялық тұрғыдан қауіпсіз және гүлдердің сапасына ешқандай зиян келтірмейді. Ж. Жиенбаев атындағы Қазақ өсімдік қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институтының өсімдіктерді биологиялық қорғау бөлімінде фитосейулюс кенесі зертханалық жағдайда жаппай өндіріледі.

Әсел СЕЙІТЖАН,
Ж. Жиенбаев атындағы Қазақ өсімдік қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері
Қарлығаш АЛПЫСБАЕВА,
Пайдалы жәндіктер және биоагенттерді жаппай өндіру зертханасының меңгерушісі

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

Әдептен озбайық!

Әдеп – қоғамдағы адамдардың мінез-құлқына қойылатын этикалық талап. Олай дейтініміз, адамның сөйлеу мәнері, іс-қимылы, жүріс-тұрысы, өзін ұстай білуі оның мәдениетті, әдепті екендігін байқатып отырады. Адамның бойынан әдептілік қасиет көрініп тұрса, ол парасатты, адамгершілігі мол екендігін аңғартады.

Әдептілік адам бойында бірден қалыптаспайды. Ол – қоршаған ортаның, отбасындағы жақсы тәрбиенің жемісі. Адам ең әуелі адамгершілігімен, әдебімен көрікті. Әдептілік – өзіңді әртүрлі жағдайда мінез-құлықтың жалпы ережелеріне, эстетикалық, этикалық талаптарға сәйкес ұстай білу. Әдепті адам ыңғайсыздық тудыратын жағдайды болдырмауға тырысады. Өзіңді өзін ойша болса да басқа адамдардың орнына қоя білуін керек. Әдепті адам өзінің басқа адамды жек

көретінін немесе өте жақсы көретінін көпшіліктің алдында білдірмейді, бұл басқаларды ыңғайсыз жағдайда қалдырмау үшін қажет. Адамның мәдениеті жоғары болған сайын, оның айналасындағы адамдармен қарым-қатынасы да сыпайы бола түседі.

Мораль және адамгершілік туралы ілім – этика. Былайша айтқанда, адамгершілік құндылықтарды сақтай отырып, адамдардың бір-біріне нұқсан келтірмейтін қоғамда тәртіп сақтау ережелерін әдеп деп айтуға болады. Егер қоғамда белгілі бір этика

сақталмайтын болса, адамдар арасында қатынас әрдайым қиындай түседі. Сондықтан әр қоғамда адамдардың тәртібін бақылайтын, теріс қылықтарды азайтатын белгілі бір нормалар жиынтығы құрылған.

Мемлекеттік қызмет атқару – қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып саналады және мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қойылады. Еліміздің ертеңі бүгінгі мемлекеттік қызметшілердің адамдық парасаты мен ар-ожданы және кәсібилігіне байланысты болғандықтан, «Біздің міндет – халыққа адал қызмет» деген ұстаным аясында елге деген адалдықтың ақ туын абыроймен биік ұстауымыз қажет.

Олжас ҚОЛҚАМБАЕВ,
Үңгіртас ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы
Жамбыл ауданы



Сайт: www.alatauaraiy.kz
E-mail: Alatau_araiy@mail.ru

САЛАУАТТЫ ӨМІР

Бүгінде мектеп оқушыларының қимыл-қозғалысының аздығы байқалады. Сондықтан олардың білім деңгейімен қатар денсаулығына да көңіл бөлу маңызды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне сүйенсек, балалар мен жасөспірімдердің 80 пайыздан астамы жеткілікті деңгейде дене белсенділігімен айналыспайды екен.

Оқушыларды сергітеді

● Айжарық КӨПТІЛЕУОВ —

Осы орайда ҚР Оқу-ағарту министрлігінің жаңа оқу жылында бекітілген дене шынықтыру жаттығуларының тұжырымдамасына сәйкес, 9 қыркүйектен бастап облыс көлеміндегі 442 жалпы білім беру мекемесінде әр аптаның сейсенбі күні таңертеңгілік дене шынықтыру жаттығулары енгізілді. Мақсаты – оқушылардың физикалық және психологиялық денсаулығын нығайту, оқу процесіне деген ынтасын арттыру және күнді белсенді әрі сергек бастауға жағдай жасау.

Қонаев қалалық орта мектеп-гимназиясында алғашқы мәрте өткізілген салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған ерекше шараның куәсі болдық. Мектеп директоры Гүлзат Ержанова Оқу-ағарту министрлігінің бұл бастамасының маңызына тоқтала келе, әр аптаның сейсенбі күні өтетін таңғы жаттығуға барлық оқушылар қатысатынын айтты. Жаттығуды бірінші сабақты беретін пән мұғалімдері өткізді.



– Оқу күні барысында тұрақты түрде дене шынықтыру жаттығуын жасау білім алушылардың физикалық және эмоциялық жағдайын оңтайлы деңгейде ұстап тұруға ықпал етеді. Қан айналымын жақсартады, шаршауды азайтады, зейінді арттырып, оқу мотивациясын күшейтеді. Бұл тек денсаулықты нығайтуға ғана емес, мектепте сергектік, жігер және жағымды көңіл-күй атмосферасын қалыптастыруға көмектеседі. Жаттығу жас ерекшеліктеріне сәйкес бекітілген бейнематериалдар мен музыкалық сүйемелдеумен өткізіледі. Аталған тәжірибені енгізу өскелең ұрпақтың денсаулығын нығайтуда және салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруда маңызды қадам болмақ, – деді облыстық білім басқармасына қарасты дене тәрбиесі, спорт, алғашқы әскери дайындық және қосымша білім берудің ғылыми-тәжірибелік орталығының директоры Қайрат Берікболов.

Іле ауданы Ж. Түймебаев ауылындағы №3 орта мектептегі таңғы сергіту жаттығуы джиу-джитсу және грэпплингтен әлемнің 11, Азияның 7 дүркін чемпионы, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, самбодан әлем чемпионатының қола жүлдегері Жібек Құлымбетовамен бірлесіп өткізілді. Оқушылар чемпионмен бірге жаттығу жасау арқылы спортқа деген қызығушылығын арттыра түсері анық.

06.10.2025 ж. бастап 10 күн жұмыс ішінде БЭП ndbecology.gov.kz сайтында Алматы облысы Қонаев қаласынан солтүстікке қарай 8 км-де орналасқан «Алаштау» Блок-VII құрылыс тасы кен орнында жер қойнауын пайдалану салдарын жою жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Алаш-Тау» ЖШС, мекенжайы: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 164, 3 корпус, 34 пәтер. Тел: 87015454238, m.assainova@mail.ru. Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Құрманғалиев Р.А.» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. «Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

С 06.10.2025 г. в течении 10 рабочих дней на сайте ЕЭП ndbecology.gov.kz проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации последствий недропользования на месторождении строительного камня «Алаштау» Блок-VII, расположенном в 8 км севернее г.Қонаев Алматинской области. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Алаш-Тау», адрес: г.Алматы, Бостандыкский район, пр. Абая, 164, корпус 3, квартира 34 тел: 87015454238, m.assainova@mail.ru. Разработчик экологического проекта: ИП «Курманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г.Қонаев, проспект Жамбыла, 13.

29.10.2025 жылы, сағат 10:30-да Алматы облысы Қонаев қаласы Жамбыл көшесі, 13 мекенжайында «Алматы облысы Қонаев қаласынан 8 км солтүстікке қарай орналасқан «Алаштау» Блок-VII кен орнында құрылыс тасын өндіру жөніндегі тау-кен жоспары» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. Зум видео-конференцияға қосылу сілтемесі: Конференция идентификаторы: 786 2922 7941, қатнауа коды: 9qTVNt. Белгіленін отырған қызметтің бастамашысы: «Алаш-Тау» ЖШС, мекенжайы: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 164, 3 корпус, 34 пәтер. Тел: 87015454238, m.assainova@mail.ru. Жоба материалдарымен ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А.Құрманғалиев» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. «Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

29.10.2025г. в 10:30 часов по адресу: Алматинская область, г. Қонаев, ул.Жамбыла, 13 будет проводится общественные слушания по проекту «План горных работ по добыче строительного камня на месторождении «Алаштау» Блок-VII, расположенном в 8 км севернее г.Қонаев, Алматинской области». Ссылка на подключение Зум видео-конференцию: Идентификатор конференции: 786 2922 7941, код доступа: 9qTVNt. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Алаш-Тау», адрес: г.Алматы, Бостандыкский район, пр.Абая, 164, корпус 3, кв. 34, тел: 87015454238, m.assainova@mail.ru. Ознакомится с материалами проекта можно на сайте ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта: ИП «Курманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г.Қонаев, проспект Жамбыла, 13.



Бас редактордың бірінші орынбасары:

Алма ЕСЕНБАЙ

Бас редактордың орынбасары:

Болат МӘЖИТ

Жауапты хатшы:

Шолпан НҰРЖАУОВА

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС

Директор:

Кәдірбек ҚҰНЫПИЯҰЛЫ

Бас редактор:

Қуаныш ТҮНҒАТАР

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Жамбыл ауданы – Серік САТЫБАЛДИЕВ 8 701 254 97 55
Қарасай ауданы – Қуат ҚАЙРАНБАЕВ 8 701 347 60 32
Талғар ауданы – Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ 8 702 488 56 12
Еңбекшіқазақ ауданы – Күралай МҰРАТҚЫЗЫ 8 700 573 30 11
Іле ауданы, Алатау қаласы – Бағдат ШОЙБАС 8 705 261 50 98
Ұйғыр ауданы – Анар ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ 8 702 213 95 83
Райымбек ауданы – Жұмабек ТҮРДИЕВ 8 777 029 45 22
Кеген ауданы – Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ 8 777 218 63 25

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Жайһар АМАНГЕЛДИЕВА 8 708 210 95 71

alatau_jarnama@mail.ru 8 747 688 17 41

Жарнама, жарияландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газет облыстың бөлінуіне байланысты жаңадан тіркеліп, 2022 жылдың 3 қыркүйегінен Қонаев қаласынан шығады

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді

«Алатау арайы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек

Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордағы ашық дереккөздерден алынады

Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2024 жылы 2 ақпанда қайта тіркеліп, № KZ22VPY00086933 куәлігі берілген.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы – Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады. М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1.

Тапсырыс – 941

«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы – 12 000, оның ішінде,

«Алатау арайы» газетінің осы шығарылымының таралымы – 7 823.

Индекс – 64792.

Кезекші редактор: Ерзат АСЫЛ